

## **Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының бір жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы**

Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 15 шілдедегі N 27 Заңы.

Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының бір жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы

### **МАЗМҰНЫ**

Осы Заң Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының бір жылдығына байланысты ізгілік принциптерін басшылыққа ала отырып шығарылды.

**1-бап. Белгіленген жазалау шарасына қарамастан бас бостандығынан айыру түріндегі жазадан немесе бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазадан мынадай сотталған адамдар босатылсын:**

1) 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдар;

2) әскери және интернационалдық борышын атқару кезінде қаза тапқан әскери қызметшілердің жесірлері, күйеулері соғыс мүгедектері және оларға теңестірілген адамдардың әйелдері;

3) 16 жасқа дейінгі балалары, I және II топтағы мүгедек балалары бар әйелдер, сондай-ақ жүкті әйелдер;

4) 60 жастан асқан еркектер мен 55 жастан асқан әйелдер;

5) I және II топтағы мүгедектер;

6) бұрын еңбекпен тәрбиелеу колонияларында ұсталмаған кәмелетке толмағандар;

7) тәртіп батальонына жіберуге сотталған әскери қызметшілер.

**2-бап. Осы Заңның 1-бабының күші қолданылмайтын, қоса есептегенде бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған, жаза мерзімінің кемінде үштен бірін өтеген кәмелетке толмағандар бас бостандығынан айыру түріндегі жазадан босатылсын.**

**3-бап. Осы Заңның 1-бабының күші қолданылмайтын, қоса есептегенде үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға бірінші рет сотталған адамдар жазадан босатылсын.**

**4-бап. Осы Заңның 1 және 3-баптарының күші қолданылмайтын, қоса есептегенде бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға бірінші рет сотталған, жаза мерзімінің кемінде үштен бірін өтеген адамдар жазадан босатылсын.**

5-бап. Осы Заңның 1-4-баптарының күші қолданылмайтын, жазасының өтелмеген бөлігі алты айдан кем сотталғандар бас бостандығынан айыру орындарынан босатылсын.

6-бап. Осы Заңның 1-5-баптарының күші қолданылмайтын, қоса есептегенде үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылған, жаза мерзімінің кемінде үштен бірін өтеген сотталғандар жазадан босатылсын.

7-бап. Осы Заңның 1-6-баптарының күші қолданылмайтын, түзелу жолына бекем түскен адамдарға арналған колония-қоныстарға көшірілген, жаза мерзімінің кемінде жартысын өтеген сотталғандар жазадан босатылсын.

8-бап. Бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалау шараларына сотталған адамдар, егер бұл жаза негізгі жаза түрінде қолданылып, бас бостандығынан айырумен ауыстырылмаса, жазадан босатылсын.

9-бап. Жер аудару және жерінен айдау түріндегі жаза негізгі немесе қосымша жаза түрінде қолданылып сотталғандар осындай жазадан босатылсын.

10-бап. Абайсыздан жасаған қылмысы үшін сотталған, жаза мерзімінің кемінде жартысын өтеген адамдар жазадан босатылсын.

11-бап. Қазақ КСР қылмыстық кодексінде көзделген мынадай қылмыстар жасаған: өз бетімен кетіп қалған (232-бап); қызмет бөлімін немесе орнын өз бетімен тастап кеткен (233-бап); әскери қызметтен денесіне жарақат салу жолымен немесе өзге де әдіспен жалтарған (236-бап) адамдар жазадан босатылсын.

12-бап. Осы Заңның 1 және 2-баптары негізінде босатуға жатпайтын, қоса есептегенде бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға сотталған кәмелетке толмағандарға жазасының өтелмеген бөлігінің тең жартысы қысқартылсын.

13-бап. Қоса есептегенде бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға бірінші рет сотталған, осы Заңның 1 және 3-5-баптары негізінде босатуға жатпайтын адамдарға жазасының өтелмеген бөлігінің тең жартысы қысқартылсын.

14-бап. Бас бостандығынан айыруға бұрын бір реттен артық сотталмаған, осы Заңның 1-11-баптарының күші қолданылмайтын, жаза мерзімінің кемінде үштен бірін өтеген адамдарға жазасының өтелмеген бөлігінің үштен бірі қысқартылсын.

15-бап. Абайсыздан қылмыс жасаған, осы Заңның 1 және 10-баптарының күші қолданылмайтын адамдарға жазасының өтелмеген бөлігінің тең жартысы қысқартылсын.

16-бап. Осы Заңның 1 және 11-баптарында көрсетілген адамдар осы Заң күшіне енгенге дейін жасаған қылмыстар туралы, сондай-ақ үш жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы немесе бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза көзделген қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауапқа тартылатын адамдарға қатысты және осы Заңның 28-бабы 8) тармақшасында аталған адамдарға қатысты барлық қылмыстық істер мен соттарда қаралмаған істерді жүргізу тоқтатылсын.

**17-бап. Осы Заңның 1-15-баптарының күші қолданылмайтын, жаза мерзімінің тең жартысын өтеген кәмелетке толмағандар мен әйелдерге жазасының өтелмеген бөлігінің үштен бірі қысқартылсын.**

**18-бап. Осы Заңның 1-16-баптарының күші Қазақ КСР Қылмыстық кодексінде көзделген мынандай қылмыстар үшін сотталғандар мен қылмыстық жауапқа тартылғандарға:**

1) ерекше қауіпті мемлекеттік қылмыс жасағаны (50-59-баптар); бандитизм (63-бап); еңбекпен түзеу мекемелерінің жұмысына іріткі салатын іс-әрекеті (63-1-бап); қылмыстық топты не қылмыстық қауымдастықты ұйымдастырғаны немесе оған басшылық жасағаны (қылмыстық қауымдастыққа қатысқанын қоспағанда (63-2-бап); контрабанда (64-бап); жалған ақша немесе бағалы қағаздар жасағаны немесе оларды сатқаны (73-бап); валюталық құндылықтармен заңсыз операциялар жасағаны (74-бап); айрықша қауіпті қылмыскердің не ерекше мөлшерде ұрлық жасағаны (76-баптың III бөлігі); қылмысты ауырлататын жағдайларда тонағаны (76-1-баптың II, III бөліктері); шабуыл жасап тонағаны (76-2-бап); ірі және ерекше ірі мөлшерде жасалған алаяқтық (76-3-баптың II, III бөліктері); қылмысты ауырлататын жағдайда қорқытып алушылығы (76-7-баптың II, III бөліктері); қасақана кісі өлтіргені (88-бап) (мейлінше жан күйзелуі үстінде (89-бап) немесе қажетті қорғану шегінен асып кеткен жағдайдағы (90-бап) кісі өлтіруді қоспағанда), денені қасақана ауыр зақымдағаны (93-бап) (мейлінше жан күйзелуі үстінде (95-бап) немесе қажетті қорғану шегінен асып кеткен жағдайдағы (96-бап) денені зақымдауды қоспағанда); қылмысты ауырлататын жағдайда зорлағаны (101-баптың II, III және IV бөліктері); пара алғаны (146-бап); ішкі істер органдары қызметкерінің, халық жасақшысының, алдын ала анықтау жүргізуші адамның, тергеушінің, прокурордың, судьяның немесе халық заседательдерінің өміріне қастық әрекеті (173-1-бап); егер атылатын қаруды, газ қаруын, пышақты, кастеттерді және өзге де суық қаруды, не денеге зақым келтіруге арнайы бейімделген басқа да заттарды қолданып жасалған немесе қолдануға әрекет жасалған болса, айрықша қаскүнемдікпен бұзақылығы (200-баптың II бөлігі); атылатын қаруды, оқ-дәріні немесе жарылғыш заттарды ұрлағаны (203-бап); есірткі заттарды ұрлағаны (213-1-бап); есірткі заттарды заңсыз жасағаны, сатып алғаны, сақтағаны, тасымалдағаны немесе сату мақсатында жібергені, сондай-ақ заңсыз өткізгені (214-баптың IV бөлігі); бір топ адамның немесе Қылмыстық кодекстің 213, 213-1, 213-2 баптарында, 215-1-бабының екінші бөлігінде көзделген қылмыстардың бірін бұрын жасаған адамның, немесе ерекше қауіпті қылмыскердің қайталап, немесе алдын-ала келісім бойынша тап сондай әрекеттер жасағаны, сондай-ақ егер бұл әрекеттердің мән-мақсаты ірі мөлшердегі есірткі заттар болғаны (214-баптың V бөлігі); қылмысты ауырлататын жағдайда көлік құралын айдап кеткені (221-баптың II, III бөліктері); сондай-ақ мынадай әскери қылмыстары: бағынбағаны (225-бап); бастыққа қарсылық көрсеткені немесе қылмысты ауырлататын жағдайда оны қызметтік міндеттерін бұзуға мәжбүр еткені (227-баптың "б" және "в"

тармақтары); бастықпен қатынаста күштеу әрекеттерін жасағаны (229-бап); әскери қызметшілер арасында бағыныштылық қатынастар болмаған жағдайда олардың арасындағы жарғылық өзара қатынас ережелерін бұзғаны (231-бап); қашқындық (234-бап); әскери мүлікті қасақана жойғаны немесе зақымдағаны (238-бап); жауынгерлік кезекшілік кезінде ауыр зардаптарға соқтырған ережелерді бұзушылығы (244-баптың " в" және "г" тармақтары) үшін сотталғандармен және қылмыстық жауапкершілікке тартылғандарға;

2) ерекше қауіпті қылмыскерлер деп танылғандарға;

3) қасақана қылмыс жасағаны үшін бұрын екі реттен артық сотталғандарға;

4) бұрын кешірім немесе рақымшылық жасау тәртібімен жазадан босатылып, қайталай қасақана қылмыс жасағандарға;

5) жазасын өтеген кезде қастықпен режим бұзғандарға;

6) сөз ауруларынан емдеудің толық курсынан өтпегендерге қолданылмайды.

**Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.01.08. N 66**

Заңымен.

**19-бап. Осы Заңның 17-бабының күші режимді қастықпен бұзғандарға, бұрын кешірім немесе рақымшылық жасау тәртібімен жазадан босатылып, қайтадан қасақана қылмыс жасағандарға, сондай-ақ кешірім жасау тәртібімен өлім жазасы бас бостандығынан айырумен ауыстырылған және ерекше қауіпті қылмыскерлер деп танылған әйелдерге қолданылмайды.**

**20-бап. Осы Заңды орындау мыналарға жүктелсін:**

1) жазаның орындалуын басқаратын органдарға - бас бостандығынан айыру орындарындағы сотталған адамдарға қатысты;

2) анықтау және алдын ала тергеу жүргізу органдарына - қылмыстары туралы істері мен материалдарын осы органдар жүргізіп жатқан адамдарға қатысты;

3) соттарға:

қылмыстары туралы істері мен материалдары соттардың қарауында жатқан және осы Заң күшіне енгенге дейін қаралмаған адамдарға қатысты, сондай-ақ қылмыстары туралы істері қаралған, бірақ үкімдер заңды күшіне енбеген адамдарға қатысты;

Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 40-бабына сәйкес шартты түрде сотталғандарға қатысты және үкімдерінің орындалуы Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 41-1-бабында көзделген тәртіппен кейінге қалдырылған адамдарға қатысты;

егер осы Заң күшіне енгенге дейін айыппұл өндіріліп алынбаса, негізгі жаза түрінде айыппұл тағайындалған адамдарға қатысты (рақымшылық жасауды қолдану туралы мәселені үкім шығарған сот шешеді);

жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға және осы Заң күшіне енгенге дейін жазаның өтелмеген бөлігі неғұрлым жеңілірек жазамен

ауыстырылған адамдарға қатысты (рақымшылық жасауды қолдану туралы мәселені шартты түрде мерзімінен бұрын босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңілірек жазамен ауыстыру туралы ұйғарым шығарған сот шешеді);

4) ішкі істер органдарына:

үкімдері заңды күшіне енген, бас бостандығынан айыруға сотталған, бірақ қамауға алынбаған;

жер аудару, жерінен айдау және бас бостандығынан айырмай түзеу жұмыстары, белгілі бір қызметті атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру түріндегі жазаны өтеп жүрген адамдарға қатысты;

5) тәртіп батальондарының командованиесіне және тиісті әскери прокурорларға - тәртіп батальонына жіберуге сотталған әскери қызметшілерге қатысты.

**21-бап. Осы Заңды қолдану тиісті әкімдер жанындағы байқау комиссиясымен келісілген және прокурор рұқсат еткен еңбекпен түзеу мекемесі бастығының қаулысы бойынша, ал тәртіп батальонында әскери прокурор рұқсат еткен командирдің қаулысы бойынша жүргізіледі. Осы тармақта аталған қаулыға:**

1) көтермелеу мен жазалау туралы анықтама;

2) сотталған адамның жеке ісі;

3) рақымшылық жасауды қолдану туралы мәселені шешуге қажетті басқа да құжаттар қоса тіркеледі.

**22-бап. Осы Заңды соттардың қолдануы кезінде прокурордың қатысуы міндетті.**

**23-бап. Ішкі істер органдарының, сондай-ақ анықтау және алдын ала тергеу органдарының істі қысқарту және рақымшылық жасауды қолдану туралы қаулысын прокурор бекітеді.**

**24-бап. Осы Заңның 1 және 2-баптарының күші қолданылатын адамдарға:**

1) соттың үкімі бойынша бас бостандығынан айыру түріндегі жаза Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 40-бабы қолданыла отырып сотталғандар;

2) бас бостандығынан айыруға сотталып, Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 41-1-бабына сәйкес сот үкімін орындау кейінге қалдырылғандар да жатады деп белгіленсін.

**25-бап. Осы Заңның 1-бабындағы 1) тармақшаның күші мыналарға қолданылады деп белгіленсін:**

1) Ұлы Отан соғысының мынадай қатысушыларына:

Ұлы Отан соғысы кезеңінде, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағын қорғау жөніндегі басқа да ұрыс операциялары кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімшелерде, штабтарда және мекемелерде қызмет атқарған әскери қызметшілерге, Ұлы Отан соғысының партизандары мен астыртын қимыл жасаушыларына;

бұрынғы КСР Одағы Қарулы Күштері бөлімдері мен құрамаларының 1945 жылы Жапонияға қарсы ұрыс қимылдарына қатысқан әскери қызметшілері мен ерікті жалданушыларына;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде қорғанысқа қатысуы майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне белгіленген жеңілдікті жағдайлар бойынша зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарына есептелетін қалаларда қызмет атқарған әскери қызметшілерге, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына;

Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалданған құрамының Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армияның құрамына енген әскери бөлімдерінде, штабтары мен мекемелерінде штаттық лауазымдарда болған, не тиісті кезеңдерде қорғанысқа қатысуы майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне белгіленген жеңілдікті жағдайлар бойынша зейнетақы тағайындау үшін еңбек сіңірген жылдарына есептелетін қалаларда болған адамдарға;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия мен флоттың құрамына енген әскер бөлімдерінің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк балалары (тәрбиеленушілері) және юнгалар ретінде болған адамдарға;

екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шетелдер аумағында партизан отрядтарының, астыртын қимыл жасаушы топтардың және басқа да антифашистік құрамалардың құрамында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарына қатысқан адамдарға;

2) Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген адамдарға:

бұрынғы КСР Одағы мемлекеттік органдарының шешіміне сәйкес басқа мемлекеттер аумағында ұрыс қимылдарына қатысқан Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілеріне, бұрынғы КСР Одағы ішкі істер министрлігінің қатардағы және басшы құрамының адамдарына (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса алғанда);

оқу жиындарына шақырылған және ұрыс қимылдарын жүргізу кезеңінде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілерге;

ұрыс қимылдарын жүргізу кезеңінде Ауғанстанға жүк жеткізу үшін сол елге жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілеріне;

бұрынғы КСР Одағы аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмалармен ұшқан ұшқыштар құрамының әскери қызметшілеріне;

Ауғанстандағы кеңес әскери контингентіне қызмет көрсеткен, жарақаттанған, жарымжан болған немесе зақымданған, не ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған жұмысшылар мен қызметшілерге;

Кеңес Одағының Батырларына және Даңқ орденінің үш дәрежесімен марапатталған адамдарға, Социалистік Еңбек Ерлеріне;

бұрынғы КСР Одағы Қатынас жолдары халық комиссариатының арнаулы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен кәсіпшілік және

көлік кемелері ұшу-көтеру құрамының және авиация ұшу-көтеру құрамының, Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, Теңіз және өзен флотының, Солтүстік теңіз жолы бас басқармасы авиациясының ұшу-көтеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезеңінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрысқа қатысушы майдандардың тылдағы шекаралары, флоттың жедел қимылдары шегіндегі аймақтарында майдандағы армия мен флот мүдделері үшін міндеттер атқарған қызметкерлеріне, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының басында басқа мемлекеттердің порттарында еріксіз ұсталған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелеріне;

концентрациялық лагерьлердің, геттолардың және екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер құрған басқа да еріксіз қамауда ұстау орындарының бұрынғы кәмелетке толмаған тұтқындарына;

Ұлы Отан соғысының қайтыс болған мүгедектері мен оларға теңестірілген мүгедектердің әйелдеріне (ерлеріне), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандар мен астыртын қимыл жасаушылардың, Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындары мен ұйымдарында жұмыс істеген, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен марапатталған, жалпы наукастану, еңбекте зақымдану мен басқа да себептер (құқыққа қарсы іс-әрекеттер салдарынан мүгедек болған адамдарды қоспағанда) салдарынан мүгедек деп танылған, басқа тіркелген некеде тұрмаған азаматтардың әйелдеріне (ерлеріне);

Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен марапатталған азаматтарға және "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен марапатталған адамдарға;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған адамдарға;

1979 жылғы 1 желтоқсан - 1989 жылғы желтоқсан аралығындағы кезеңде Ауғанстанға және ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да елдерге жұмысқа жіберілген жұмысшылар мен қызметшілерге;

бұрынғы КСР Одағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің Ауғанстан аумағында уақытша болған және кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің құрамына кірмеген жұмысшылары мен қызметшілеріне;

Чернобыль атом электр станциясындағы апат пен Семей ядролық полигонындағы жарылыстардың салдарынан зардап шеккен және мүгедек болып қалған азаматтарға;

3) Ұлы Отан соғысының мүгедектері мен оларға теңестірілген адамдар деп мыналар түсініледі:

Ұлы Отан соғысы кезеңінде майданда, әскери қимылдар ауданында, темір жолдардың майдан өңіріндегі учаскелерінде, қорғаныс шептері, әскери-теңіз базалары

мен аэродромдар құрылыстарында жарақаттану, жарымжан болу, зақымдану немесе сырқаттану салдарынан мүгедек болып қалған Ұлы Отан соғысының майдандағы армиясының әскери қызметшілері, партизандары мен астыртын қимыл жасаушылары, сондай-ақ тиісті санаттардағы жұмысшылары мен қызметшілері және зейнетақымен қамсыздандыру жөнінен әскери қызметшілерге теңестірілгендер қатарындағы адамдар;

1945 жылы Жапониямен соғыс барысында жарақаттану, жарымжан болу, зақымдану немесе сырқаттану салдарынан мүгедек болып қалған бұрынғы КСРО Қарулы Күштерінің әскери қызметшілері мен ерікті жалданушылары қатарындағы адамдар;

бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, басқа кезеңдерде әскери қызметтің өзге де міндеттерін атқару кезінде алған жарақат, жарымжан болу, зақымдану салдарынан немесе майданда болуына байланысты сырқаттану салдарынан, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметін өтеген кезде мүгедек болып қалған әскери қызметшілер қатарындағы адамдар;

қызмет міндеттерін атқару кезінде жарақаттану, жарымжан болу, зақымдану салдарынан не майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде қызмет міндеттерін атқаруына байланысты сырқаттану салдарынан мүгедек болып қалған бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары;

басқа елдердегі майдандағы әскери контингенттерге қызмет көрсетуші және ұрыс қимылдарын жүргізу кезеңінде жарақаттану, жарымжан болу, зақымдану не сырқаттану салдарынан мүгедек болып қалған жұмысшылар мен тиісті санаттағы қызметшілер.

## **26-бап. Осы Заңның 1-бабының 2) тармақшасының күші:**

1) жауынгерлік немесе қызметтік борышын атқару кезінде қаза тапқан немесе хабар-ошарсыз кеткен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері, Ұлттық қауіпсіздік комитеті әскери қызметшілерінің, ішкі істер министрлігі, бұрынғы КСР Одағы Қарулы Күштері мен тиісті органдарының қатардағы және басшы құрамының басқа тіркелген некеде тұрмаған жесірлеріне;

2) соғыс мүгедектері мен оларға теңестірілген адамдардың әйелдеріне қолданылады деп белгіленсін.

**27-бап. Осы Заңның 25 және 26-баптарында аталған адамдарға қатысты рақымшылық жасау үшін осы адамдардың жеңілдіктерге құқығын растайтын құжаттар негіз болып табылады.**

## **28-бап. Осы Заңның күші:**

1) 1-баптың 3) тармақшасы - ана құқығынан айырылмаған және балаларды, соның ішінде асырап алған, не қамқорлыққа алған, осы Заң күшіне енген күні 16 жасқа толмаған балалары бар, не жасына қарамастан I және II топтардағы мүгедек балалары бар әйелдерге; осы Заң күшіне енген күні жүкті болған әйелдерге;



2) 1-баптың 4) тармақшасы - осы Заң күшіне енгенге дейін 60 жасқа толған және жасы одан асқан еркектер мен 55 жасқа толған және жасы одан асқан әйелдерге қолданылады. Бұл орайда осы Заңның 1-бабы

4) тармақшасында көрсетілген жасқа жеткен адамдардың туған күні мен айын растайтын құжаттар болмаған жағдайда 1937 жылғы 1 қаңтарға дейін туған еркектер мен 1942 жылғы 1 қаңтарға дейін туған әйелдер есептелуге тиіс;

3) 1-баптың 5) тармақшасы осы Заң күшіне енгенге дейін белгіленген тәртіппен I және II топтардың мүгедектері деп танылған адамдарға;

4) 1-баптың 6) тармақшасы мен 2-бап осы Заң күшіне енген күні 18 жасқа толмаған еркектер мен әйелдерге;

5) 1-баптың 6) тармақшасы сотталған болса да, еңбекпен түзеу колонияларында ұсталмаған кәмелетке толмағандарға;

6) 2-бап бұрын екі реттен артық сотталмаған және еңбекпен түзеу колонияларында ұсталған кәмелетке толмағандарға қолданылады. Бұл орайда мына адамдарды:

бұрын бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазалау шараларына сотталғандарды;

Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 40-бабына сәйкес бас бостандығынан айыруға сотталғандар не Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 41-1-бабына сәйкес үкімнің орындалуы кейінге қалдырылғандарды;

сот үкімі заңды күшіне енгенге дейін уақытша ұстау изоляторларында немесе тергеу изоляторларында болғандарды бұрын еңбекпен тәрбиелеу колонияларында ұсталған адамдар ретінде қарауға болмайды;

7) 3 және 4-баптар бұрын бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалау шараларына сотталған адамдарға да қолданылады;

8) қызметтен, соның ішінде бұрынғы КСРО Республикалары аумағындағы қызмет атқарудан 1994 жылғы 31 желтоқсанға дейін жалтарған әскери қызметшілерге; осы Заңның 11-бабында аталған қылмыстарды 1994 жылғы 31 желтоқсанның кейін жасаған және қызмет орнына келмеген қызметшілерге рақымшылық жасау, егер олар осы Заң күшіне енгеннен кейін алты айдан кешікпей жақындағы әскери басқарма органдарына келсе, қолданылады.

**Ескерту. 28-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.01.08. N 66 Заңымен.**

**29-бап. Осы Заңның күші әкімшілік жазаға тартылған, соның ішінде Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 45, 45-3-баптарында көзделген тәртіппен қылмыстық жауаптан босатыла отырып, әкімшілік жауапқа тартылған адамдарға қолданылмайды;**

осы Заңның 3 және 4-баптары бұрын Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 40 және 41-1-баптары қолданыла отырып бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарға;

осы Заңның 8-бабы Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 40 және 41-1-баптары қолданыла отырып бас бостандығын айыруға сотталған адамдарға;

осы Заңның 10-бабы абайсыздан жасаған қылмысына қоса, қасақана жасаған қылмысы үшін сотталған адамдарға қолданылмайды.

**Ескерту. 29-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 1997.01.08. N 66 Заңымен.**

**30-бап. Осы Заңның 2, 4-7, 10, 12-14, 17-баптарында көзделген жаза мерзімінің бөлігін өтеу рақымшылық жасау акті күшіне енген күннен бастап есептеледі деп белгіленсін.**

**31-бап. Қылмыстар көп болған жағдайда, егер олардың біреуіне осы Заңның күші жүрмесе, рақымшылық жасау қолданылмайды.**

**32-бап. Рақымшылық жасау қолданылатын адамдар негізгі жазадан да, егер қосымша жаза осы Заң күшіне енгізілген күнге дейін орындалмаған болса, қосымша жазадан да босатылады.**

**33-бап. Түзеу жұмыстары түріндегі жазаны өтеу ішкі істер органдары прокурор бекіткен рақымшылық жасау актіні қолдану туралы қаулы шығарған күнінен бастап тоқтатылады.**

**34-бап. Осы Заңның 12-14, 17-баптарына сәйкес Осы Заң күшіне енгізілген күні өтелмеген жаза мерзімінің бөлігі қысқартылуға тиіс.**

**35-бап. Жаза мерзімі кешірім немесе рақымшылық жасау тәртібімен қысқартылған адамдарға рақымшылық жасауды қолданған кезде осы актілермен белгіленген жаза мерзімін негізге алу керек.**

**36-бап. Осы Заңның 18-тармағы 1) тармақшасының күші сондай-ақ Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің мынадай баптары бойынша:**

214-баптың III, IV бөліктері бойынша (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1975 жылғы 21 ақпандағы және 1982 жылғы 29 желтоқсандағы, 1987 жылғы 30 шілдедегі Жарлықтарының, 1991 жылғы 21 маусымдағы Қазақ КСР Заңының редакциясында), 76-1-баптың II, III, IV бөліктері бойынша (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1961 жылғы 21 шілдедегі және 1982 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлықтарының редакциясында);

76-2-бап бойынша (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1961 жылғы 21 шілдедегі және 1982 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлықтарының редакциясында);

76-3-баптың III бөлігі бойынша (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1961 жылғы 21 шілдедегі және 1982 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлықтарының редакциясында);

76-5-бап бойынша (ұрлау арқылы жасалған) (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1961 жылғы 21 шілдедегі Жарлығының редакциясында);

76-7-баптың II, III бөліктері бойынша (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1989 жылғы 21 қазандағы Жарлығының редакциясында);

133-баптың II, III, IV бөліктері бойынша (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1982 жылғы 29 желтоқсандағы және 1987 жылғы 4 ақпандағы Жарлықтарының редакциясында);

134-бап бойынша (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1961 жылғы 21 шілдедегі және 1982 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлықтарының редакциясында);

135-баптың II, III бөліктері бойынша (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1989 жылғы 31 қазандағы Жарлығының редакциясында);

136-баптың III бөлігі бойынша (Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1961 жылғы 21 шілдедегі және 1982 жылғы 29 желтоқсандағы Жарлықтарының редакциясында) сотталған адамдарға қолданылады.

**Ескерту. 36-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 1997.01.08. N 66 Заңымен.**

**37-бап. Осы Заңның 18-бабы 4) тармақшасының күші бұрын жазадан (соттылықты алып тастауға немесе жоюға қарамастан) кешірім жасаудың тәртібімен не рақымшылық жасаудың мынадай актілері негізінде мерзімінен бұрын босатылған адамдарға қолданылады:**

1) "Совет халқының 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңісінің 40 жылдығына байланысты амнистия туралы" 1985 жылғы 26 сәуірдегі;

2) "Сотталған әйелдердің кейбір категорияларын бас бостандығынан айыру органдарынан босату туралы" 1986 жылғы 6 қарашадағы;

3) "Ұлы Октябрь Социалистік революциясының 70 жылдығына байланысты амнистия туралы" 1987 жылғы 18 маусымдағы акті, сондай-ақ КСРО Жоғарғы Кеңесінің, "Ауғанстандағы кеңес әскерлері контингентінің қылмыс жасаған бұрынғы әскери қызметшілеріне амнистия жариялау туралы" 1989 жылғы 29 қарашадағы қаулысы;

4) "Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларацияның қабылдануына байланысты рақымшылық жасау туралы" 1991 жылғы 16 ақпандағы;

5) "Халықаралық отбасы жылына байланысты рақымшылық жасау туралы" 1994 жылғы 5 қазандағы актілері.

**38-бап. Осы Заңның күші қолданылатын, белгіленген тәртіппен соз ауруларынан емдеу тағайындалған адамдардың материалдары осы Заңның орындалуы кезеңінде қаралады, ал оларды босату туралы шешім тек емдеу курсы аяқталғаннан кейін ғана жүзеге асырылады. Бұл орайда сотталған адамның соз ауруынан емделу курсы аяқталды деп тануға тиісті медициналық қорытынды негіз болып табылады.**

**39-бап. Мына адамдар:**

1) жазаны өтеу кезінде белгіленген тәртіп пен реттілікті үнемі бұзушылар. Бұл орайда:

жазаны өтеу кезінде тәртіп пен реттілікті үнемі бұзушылық деп сотталған адамның жазаны өтеу кезінде кемінде үш рет жазаға тартылған іс-әрекеті түсініледі;

егер сотталған адам жазаға тартылған күннен бастап бір жыл ішінде жаңа жаза алмаса немесе жазасы көтермелеу тәртібімен алынып тасталса, ол жазасы жоқ адам деп танылады;

2) бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеу, сондай-ақ жер аудару, жерінен айдау кезінде қасақана қылмыс жасағандар;

3) қоныс-колониялардағы, еңбекпен түзеу колонияларының басқа түрлеріне жіберілген сотталғандар, егер еңбекпен түзеу мекемесіне жіберу туралы ұйғарым шығарылғаннан кейін рақымшылық жасауды қолдану туралы материалдар қаралатын күнге қарай алты айдан аз уақыт қамауда болса. Бұл орайда мерзім сотталған адам қамауға алынған күннен бастап есептеледі;

4) Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 40-бабына сәйкес шартты түрде сотталғандар, егер олар сынақ мерзімі кезеңінде жаңадан қасақана қылмыс жасаса немесе Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің тап сол бабында көзделген негіздерде тағайындалған үкім бойынша жазасын өтеуге жіберіліп, сот үкім немесе ұйғарым шығарған уақыттан бастап алты айдан аз уақыт өтсе;

5) Қазақ КСР Қылмыстық кодексінің 41-1-бабындағы тәртіппен үкімнің орындалуы кейінге қалдырылғандар жөнінде, егер олар үкімнің орындалуын кейінге қалдыру кезеңінде жаңадан қасақана қылмыс жасаса немесе Қылмыстық кодекстің тап сол бабында көзделген негіздерде тағайындалған үкім бойынша бас бостандығынан айыру мерзімін өтеу үшін жіберіліп, олар рақымшылық жасауды қолдану туралы материалдар қаралатын күнге қарай қамауда алты айдан аз уақыт болса;

6) бас бостандығынан айырмай түзеу жұмыстарына сотталғандар, егер олар жазасын толық өтегенге дейін жаңадан қасақана қылмыс жасаса немесе жазаны өтеуден қасақана жалтарғаны үшін олардың түзеу жұмыстарының өтелмеген мерзімін сот бас бостандығынан айыру түріндегі жазамен ауыстырып, олар рақымшылық жасауды қолдану туралы материалдар қаралатын күнге қарай қамауда алты айдан аз болса, кәнігі режим бұзушылар деп саналсын.

**40-бап. Рақымшылық жасау актісін қолданған кезде заңмен белгіленген тәртіп бойынша алынып тасталған немесе өтелген соттылықтар, сондай-ақ Қазақ КСР Қылмыстық кодексінен алынып тасталған қылмыстар үшін соттылықтар ескерілмейді.**

**41-бап. Рақымшылық жасауды қолдану туралы мәселе осы Заң күшіне енгізілген күннен алты ай мерзім өткеннен кейін туындаған жағдайда ол осы Заңның 20 және 44-баптарында көзделген тәртіп бойынша орындалады.**

**42-бап. Жергілікті атқарушы органдар:**

1) рақымшылық жасау бойынша жазадан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыруға;

2) рақымшылық жасау бойынша жазадан босатылған және туыстары мен жақындары жоқ мүгедектер мен қартайған адамдарды орналастыруға;

3) осы Заң негізінде жазадан босатылған кәмелетке толмағандарды жұмысқа орналастыруға, ал қажет болған жағдайда оларды балалар үйлеріне, интернат-үйлерге, кәсіптік-техникалық училищелерге орналастыруға көмек көрсететін болсын.

**43-бап. Осы Заңның күші ол күшіне енгенге дейін жасалған қылмыстарға және Қазақстан Республикасының соттары, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағының әскери трибуналдары Қазақ КСР-і аумағында жасаған қылмысы үшін сотталған адамдарға қолданылады.**

**44-бап. Қазақстан Республикасының соттары соттаған, бірақ жазасын одан тысқары жерлерде өтеп жүрген адамдарға рақымшылық жасауды қолдану туралы мәселені аумағында сот үкімін орындау жүзеге асырылып жатқан ішкі істер органының ұсынуы бойынша, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде Қазақстан Республикасының соттары шешеді.**

**45-бап. Осы Заң оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және алты ай ішінде орындалуға тиіс.**

Қазақстан Республикасының  
Президенті